



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№6 (1964) 24 АҚПАН 2025 ЖЫЛ

ҒЗИ басшыларымен

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев «Ғылым ордасы» базасындағы ғылыми-зерттеу институттарының басшыларымен кездесті.

Кездесу



институтының директоры Еркін Садықов, А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжан, факультет декандары, ғалымдар қатысты.

Жиынға қатысушылар ҚазҰУ мен ҒЗИ арасындағы әріптестік

байланысты одан әрі ілгерілету, ортақ білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру бойынша пікір алмасты.

Кездесу барысында Мәлік Отарбаев сөз сөйлеп, ғылымды дамытуда жоғары оқу орындары мен ғылыми институттардың алар орны ерекше екенін баса айтты. Сондай-ақ отандық ғылымды нығайту ісі әрдайым Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың назарында екенін жеткізді.

Өз кезегінде ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев факультет декандарына «Ғылым ордасы» базасындағы ғылыми-зерттеу институттарымен тығыз қарым-қатынас орнатып, ортақ ғылыми жобаларды жүзеге асыруды тапсырды.

Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ



Бинəлі ЙЫЛДЫРЫМ:

Маған берілген атақты Түркияға деген сүйіспеншілік деп түсінемін

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Түркияның экс-премьер-министрі, Түркі мемлекеттері ұйымы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Бинəлі Йылдырым арнайы келіп, университеттің оқытушы-профессорлық құрамына, білім алушыларға көшбасшылық дәріс оқыды. Көшбасшылық дәрісті ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев ашып, ұсынысты қабыл алғаны үшін құрметті қонаққа алғыс айтты. Университет басшысы жиналған қауымға Түркияның мемлекет және саяси қайраткері Бинəлі Йылдырымның өмір жолын таныстырып, «ҚазҰУ-дың құрметті профессоры» атағын тапсырды.

Құрметті Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, профессор Түймебаев мырза, дәріске қатысушылар, қадірлі бауырларым!

Сіздерді әрқашан сүйіспеншілікпен, қуаныш және мақтанышпен еске алатын ел ретінде құрметтеймін.

Жалғасы 4-бетте

Қытай елшісі ҚазҰУ зертханасымен танысты

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Хань Чуньлин бастаған делегация арнайы келді.

ханаларды аралап, университеттің ғылыми әлеуетімен танысты.

Құрметті қонақтарды ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қарсы алып, білім ордасының Қытай жоғары оқу орындарымен бірлесіп атқарып жатқан жұмыстары туралы құлағдар етті.

Қазіргі таңда ҚазҰУ-дың Қытай университеттерімен әріптестік байланысы кең жолға қо-

йылған. Серіктестік аясында оқу ордасында түрлі бағыттағы зертханалар мен орталықтар ашылып, тұңғыш рет Қытай жоғары оқу орнының филиалы іске қосылды.

Алдымен елші Хань Чуньлин «Қашықтықтан зондтау технологиясы және қолдану» қазақ-қытай бірлескен зертханасына барды.

Жалғасы 2-бетте



3-бет
Үздіксіз
білім беру
– заман
талабы



5-бет
Ауа ластануы
кешенді
түрде
зерттеледі



6-бет
Құдіретті
поэзия
және Қадыр
ақын



Қытай елшісі ҚазҰУ зертханасымен танысты

Соңы. Басы 1-бетте

Мұнда мамандар Жерді қашықтықтан зерттеу арқылы экологиялық мәселелерге тереңдетілген мониторинг жұмысын жүргізеді. 500 шаршы метрді құрайтын орталық Қазақстан, Қытай және Орталық Азия ғалымдары үшін бірлесіп жұмыс істеуге үлкен алаң ұсынуда. Айта кетейік, аталған зертханаға қажетті құралдар мен жабдықтарды орнатуға Қытай тарапы демеушілік жасаған.

Кейін делегация мүшелері Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютер қойылған орталықты көрді. Қос мемлекет басшысының бастамасымен Қытайдан ҚазҰУ-ға жеткізілген суперкомпьютердің жоғары өнімділігі 1,94 PFLOPS құрайды. Әлемдегі үздік 600 суперкомпьютердің бірі саналады. Болашақта жоғары технологиялық құрылғы бүкіл Қазақстан ғалымдарына деректердің үлкен көлемімен жұмыс істеуге, мемлекеттік органдардың түрлі жағдайларын модельдеуге және елдің IT-инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік береді.

Университетке сапары



барысында құрметті елші 2023 жылы ҚазҰУ базасында ашылған Қытайдың Солтүстік-батыс политехникалық университетінің филиалына барып, студенттермен әңгімелесті. Филиалда білім алып жатқан студенттер оқуын аяқтаған соң, оларға екі университеттің дипломы беріледі.

«Қытай жоғары оқу орнының филиалы Қазақстанда алғаш ашылып отыр. Бұл бастама техникалық мамандарды даярлауда маңызды қатар болды. Сонымен қатар биыл ҚазҰУ мен Солтүстік-батыс политехникалық университеті ғарышқа микроспутник ұшыруды көздеп отыр», – деді

ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев.

Хань Чуньлин бастаған делегация Дәрілік өсімдіктерді ғылыми-зерттеу орталығы мен «Farabi Hub» инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығына барып, ғалымдар әзірлеген инновациялық жобалардың нәтижесімен танысты.

Өз кезегінде Қытайдың Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Хань Чуньлин екі ел арасындағы жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге бар күш-жігерін салатынын атап өтті.

**Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ**



Ғылыми инфрақұрылымды дамыту жайы талқыланды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Директорлар кеңесінің мүшелері, мемлекет және қоғам қайраткерлері университеттің ғылыми-зерттеу инфрақұрылымының нысандарын аралады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректор Жансейіт Түймебаев қонақтарға университеттің ғылыми-зерттеу орталықтары мен зертхана нысандарын көрсетіп, атқарылып жатқан ғылыми жұмыстарды таныстырды.

Делегация мүшелері – Директорлар кеңесінің төрағасы, Түлектер қауымдастығының президенті Қайрат Мәми, ҚР Жоғарғы сотының экс-төрағасы, заң ғылымының докторы Мұсабек Әлімбаев, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің экс-төрағасы Алик Шпекбаев, мем-

лекет және қоғам қайраткері Омархан Өксікбаев, әділет генерал-майоры Мұхтар Жөргенбаев, медицина ғылымының докторы, профессор Мырзақәрім Алшынбаев, белгілі суретші Ерболат Төлепбай университет ғалымдарымен пікір алмасып, Жерді қашықтықтан зондау орталығында, «Farabi Hub» инновациялық өнімдер мен жоғары технологиялық жобалар орталығында, Farabi Robotics өнеркәсіптік робототехника орталығында болып, Орталық Азияда теңдесі жоқ ең қуатты суперкомпьютердің жұмысымен танысты.

Кездесу соңында делегация мүшелері ҚазҰУ құрылысының екінші кезеңін жаңғырту, ғылыми инфрақұрылымды дамыту және университеттің инновациялық жобаларын іске асыру мәселелерін талқылады.

Гүл БАЯНДИНА



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Төлеген Тәжібаевтың туғанына 115 жыл толуына орай, «Білім беру мен психология ғылымының дамуы: өткені, бүгіні, болашағы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Халықаралық жиынға Қазақстан, Эстония, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және басқа елдердің ғалымдары мен ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы қатысты.

Конференцияда сөз алған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Сәбит Суатай: «Төлеген Тәжібаев Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде және

Академик туралы бес томдық жарық көрді

одан кейінгі жылдарда да жоғары мемлекеттік лауазымдарды атқарып, С.Киров атындағы ҚазМУ ректоры болды. Ол қазақ білімінің дамуына, отандық психология мен педагогика ғылымдарының қалыптасуына зор үлес қосты. Ол Қазақстанда тарихи-педагогикалық және психологиялық ғылымның қалыптасуының бастауында тұрып, психология мен педагогика саласындағы ғылыми мектептің негізін қалады», – деп атап өтті.

Пленарлық отырыста ерек-



ше тапсырмалар бойынша елші, ҚР Сыртқы істер министрлігінің Алматы қаласындағы өкілдігінің басшысы Жәнібек Әбдірашов сөз сөйледі. «Төлеген Тәжібаев тек ҚазМУ ректоры ғана емес, сонымен қатар сыртқы саяси ведомство құрылған жылдары ҚазКСР Сыртқы істер министрлігінің бірінші халық комиссары болды. Оның дипломатиялық кадрларды даярлауға қосқан үлесі ұшан-теңіз», – деді Жәнібек Әбдірашов.

Пленарлық отырыс аясында академик Т.Тәжібаев туралы бес томдық басылым және оның қайта басылған «Жалпы психология» оқу құралының (құрастырып, баспаға дайындаған – филология ғылымының докторы, профессор Алмасбек Мәуленов) тұсаукесер рәсімі өтті.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Үздіксіз білім беру — заман талабы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Білім беру бағдарламалары сапасын қамтамасыз ету: академиялық тұрғыдан қарау және инновациялық шешімдер» тақырыбында халықаралық сараптамалық стратегиялық сессия өтті. Сессияның жұмысы еңбек нарығы мен білім саласын үйлестіру жағдайында білім беру бағдарламаларының тиімділігін бағалау және жасанды интеллект саласының дамуына бағытталған. Жыл сайын өтетін шараға жиналған сарапшылар білім, ғылым және бизнес интеграциясы бойынша жаңа идеяларын ұсынып, озық тәжірибелерін ортаға салды.

Пленарлық отырысқа ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Алтай Қазмағамбетов, Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұны басқармасы басшысының м.а. Рысгүл Құдретто-

лаева, саяси ғылымдар докторы, профессор Амантай Нұрмағамбетов, «Мамандығым – болашағым» жобалық тобының жетекшісі Олжас Сәкенов, шетелдік компаниялардың өкілдері, отандық және шетелден келген сарапшылар, ға-

лымдар жиналды. Жиында академиялық мәселелер жөніндегі проректор Алтай Қазмағамбетов ҚазҰУ-дың академиялық мәселелеріне тоқталып, университеттік ғылымды жетілдіру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар барысын баяндады.

«Қазақстанның 120 жоғары оқу орны 8 мыңнан астам білім беру бағдарламасын ұсынады. Оның 245-і – бірлескен және қосдипломдық білім беру бағдарламасы. 21-і – жасанды интеллект саласында. Тізімдегі білім беру бағдарламаларының 57 пайызы жаңартылды. Дегенмен жоғары білімнің алдында жетістіктермен қатар, күрделі міндеттер де тұр. Еңбек нарығындағы серпінді өзгерістер жағдайында білім беру бағдар-



ламаларын үнемі жаңарту және инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу қажеттігі өте маңызды болып отыр», – деп атап өтті Алтай Қазмағамбетов.

Ғалия АБАЕВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ
Педагогика және психология
институтының директоры, п.ф.к.:

МАҢЫЗЫ ЗОР МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ



– Бүгін Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да үлкен стратегиялық сессия өтіп жатыр. Мұнда маңызы зор ауқымды, жан-жақты мәселелер талқылануда. Мысалы, дуалды білім беру мәселесін алайық, бұрын педагогикалық мамандықтарға дуалды білім беру мүмкін емес деп келдік, ал қазір мемлекеттік-жекеменшік серіктестікке өтіп жатқаннан кейін ондай мүмкіндік пайда болды. Одан кейін инклюзивтік білім беру жағдайында тек арнайы мамандар ғана емес, бүкіл педагогикалық қоғамды жұмылдыру, осы мәселе бойынша білім беру бағдарламаларын жаңарту қарастырылуда. Бізде 2021 жылдан бастап педагогика мамандықтарының бағдарламалары біраз жаңартылды. Осының бәрі сессияда жан-жақты талқыланады. Ең басты мақсатымыз – білім беру сапасын арттыру, педагогтың біліктілігін арттыру, дуалды білім беру және инклюзивтік білім беру мамандарын даярлау, яғни әрбір педагог кез келген баламен жұмыс істей алуы керек. Әрине, бір сессияның аясында барлық мәселені шешіп тастау мүмкін емес, бірақ бірнеше жиынның, пікір алысу, диалогтардың, талқылаулардың, ең бастысы, педагог мамандардың өзара қарым-қатынастарының нәтижесінде көп нәрсеге қол жеткізуге болады. Осындай сессиялар арқылы біз тәжірибе алмасамыз, ой-пікірлерімізбен бөлісеміз. Кейбір жаңа әдістемелер бойынша жұмыс тобын құрамыз, әрі қарай стратегиялық жұмыстардың жобасын қарастырамыз. Бұл жиынның маңызы осында.

Рысгүл ҚҰДРЕТТОЛАЕВА,
Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім беру мазмұны басқармасының басшысы:



500-ДЕН АСТАМ ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР АНЫҚТАЛДЫ

– Ғылым және жоғары білім министрлігі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау аясында білім беру жүйесін одан әрі дамыту мәселелеріне ерекше назар аударады. Оның ішінде ең басты құжат – жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-29 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Мұнда бизнес пен жұмыс берушілерді білім беру бағдарламаларын әзірлеуге тарта отырып, кадр даярлаудың қазақстандық мо-

делін дамыту жөніндегі шаралар көзделген. Аталған тұжырымдаманы іске асыру үшін министрлік «Мамандығым – болашағым» жобасы шеңберінде іске асырылатын кадрлық қамтамасыз ету моделіне көшуді жүзеге асыруда. Қазіргі сәтте тоғыз өңірлік атлас әзірленді, жоба аясында экономиканың 43 бағыты бойынша 500-ден астам жаңа мамандықтар анықталды.

Олжас СӘКЕНОВ,
ҚР ҒЖБМ Жоғары білім беруді дамытудың ұлттық орталығындағы
«Мамандығым – болашағым» жобалық тобының жетекшісі:

БАСТЫ ТАҚЫРЫП – ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

– Бүгінгі сессия аясында қамтылып, айтылып жатқан негізгі тақырыптар – кадр даярлау мәселесі, жасанды интеллект, инклюзивтік білім беру және т.б. Менің ойымша, осындай шаралар жиі болып тұруы керек. Өйткені қай өңірге қандай кадрлар жетіспейді, жалпы, мамандарды заман талабына қарай қалай дайындау керектігі осындай жиындарда талқыланады және қорытынды шығарылады. Бұл жерде жоғары білім беру орындарында дәріс оқитын ұстаздар, әрп-



тестер бір-бірімен жақын танысып, өз ойларын, пікірлерін ортаға салады, жаңа идеяларымен, тәжірибелерімен алмасады, жаңа талаптарға сәйкес білім беру жобаларымен танысады. Біз, жиынға қатысушылар, өз өңірлеріміздегі кадр тапшылығы бойынша зерттеулерімізбен осы жерде бөлісеміз. Содан ортақ қорытынды шығарамыз. Осыған қарап қандай жаңа оқу бағдарламаларын жасау керектігін анықтаймыз.

Амантай НҰРМАҒАМБЕТОВ,
ҚР ҒЖБМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту ұлттық орталығы директорының кеңесшісі, саяси ғылымдар докторы, ф.-м.ғ.к., профессор:



БІЛІКТІЛІКТІ КҮНДЕЛІКТІ ЖЕТІЛДІРУ КЕРЕК

– Қазіргі кезде білім беру саласындағы көптеген өзгерістерге байланысты «үздіксіз білім беру» мәселесі тренд болды. Бұл дегеніміз – бұрынғы алған біліммен тоқтап қалмай, әрбір адам өзінің біліктілігін күнделікті жетілдіріп тұру. Бүгінгі сессияға алып келген баяндаманың тақырыбы да осы микробіліктілікті дамыту жөнінде. Біз 2010 жылдан бері Болон жүйесінің мүшесіміз, Еуропа елдерінің университеттерімен бірге дамып келе жатырмыз. Соған байланысты білім

беру стратегиясына сәйкес, қандай өзгерістер, трендтер бар, соның барлығын өзіміздің қазақстандық білім беру саласына енгізіп жатырмыз. Мысалы, өткен жылы жасанды интеллект дегенді естіген жоқпыз, ал қазір осы бағыт бойынша кадр даярлау туралы тапсырма түсіп жатыр. Сондықтан бір-бірімізбен тәжірибе алмасатын орталықтар құрғанымыз дұрыс. Бүгінгі жиында көптеген мәселелер айтылды, олар шешімдерін табады деп ойлаймын.

Данияр ЖҰМАБЕКОВ,
Білім беруді дамыту жөніндегі басшы (Microsoft):

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІҢ ПАЙДАСЫ ҰШАН-ТЕҢІЗ

– Microsoft компаниясы жоғары оқу орындарымен әрқашан байланыста, қашанда қол үшін беруге дайын. Біз Әл-Фараби атындағы университетпен көптеген жобаларды бірлесіп жасап жатырмыз. Бүгінгі баяндамада жасанды интеллект бағдарламасын жоғары оқу орындарына, колледждерге, мектептерге қалай енгізудің жолдары туралы айттым. Қазіргі кезде оқу орындарындағы IT саласын бұдан бес жыл бұрынғымен салыстыруға болмайды, өте қарқынды дамып жатыр. Қазіруниверситеттерде мықты мамандар дайындалуда. Соның арқасында елімізде-



гі IT саласы халықаралық аренада көтеріліп келеді. Ал жасанды интеллектіге келетін болсақ, бәрімізге белгілі, оның пайдасы ұшан-теңіз. Университет жағдайында оқытушылар мен студенттер арасындағы байланыста осы жасанды интеллектті пайдалану арқылы оқу тәртібін, оқу шарттарын өзгерте алады және оқытушылар да, студенттер де өз уақыттарын үнемдейтін болады.

Қайыржан ТӨРЕЖАН

Соңы. Басы 1-бетте

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Түркі мемлекеттері ұйымы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы ретінде маған үлкен құрмет көрсетіп, құрметті профессор атағын беру рәсімін ұйымдастырғандарыңызға ризашылығымды білдіремін. Ең алдымен ректор Жансейіт Қансейітұлына және академиялық ұжымға алғысымды айтамын.

Осындай маңызды шара аясында Алматыда болу мен үшін ерекше қуаныш екенін атап өткім келеді. Дәл қазір туысқандарым, бауырларымның ортасында тұрғаным ерекше разымын. Қазақ елі түркі халықтарының атажұрты, бұл жерде түркілердің, біздің ата-бабаларымыздың ізі жатыр. Қазақстанның болашағы жарқын, аспаны ашық болсын деген тілек айтқым келеді. ҚазҰУ сынды Орталық Азия аймағындағы көшбасшы университетте білім алу – әркімге бұйырмайтын үлкен бақыт. Өздеріңіз білесіздер, Түркия мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынас Қазақ елі тәуелсіздік алғаннан бері жалғасып келеді. Түркия елі алғашқылардың бірі болып Қазақстанның тәуелсіздігін мойындап, әлемге жар салды. 1991 жылдан бастап екі ел арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар жолға қойылып, бүгінде оның тамыры тереңге бойлады. Қазақстанмен бірге Орталық Азия мен Кавказдағы бауырлас мемлекеттердің тәуелсіз мемлекет ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне қабылданғанына 34 жыл толды.

Осы жерде мен Түркі мемлекеттерінің ұйымы туралы айтқым келеді. Өйткені бұл ұйымның біз үшін, түркітілдес мемлекеттер үшін мәні өте зор. Бұл ұйым бұрындары Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі деп аталды. ҚР Тұңғыш президентінің бастамасымен Қазақстан, Әзірбайжан, Қырғызстан және Түркия басшылары арасында түркітілдес мемлекеттердің 2009 жылы 3 қазанда Нахчыван (Әзірбайжан Республикасы) қаласындағы 9-шы саммитінде Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін (ТМҰК немесе Түркі кеңесін) құру келісіміне қол қойылды. 2011 жылға дейін түркітілдес мемлекеттер басшыларының саммиті форум форматында өтіп келді. ТМҰК Ыстамбұлда 2021 жылдың қарашасында өткен VIII саммитінде ол Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) деп аталды. ТМҰ өкілдігі 2019 жылы Мажарстанда (Венгрия) ашылды. ТМҰ мақсаты – түркі мемлекеттері арасындағы сауда-экономикалық, инвестициялық, мәдени-гуманитарлық және басқа да байланыстарды тиімділікпен жан-жақты дамыту.

Ұйым мүшелері – Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Түрік Республикасы. Бақылаушы ел ретінде Мажарстан, Түрікменстан және Солтүстік Кипр кіреді. Содан бері 15 жыл уақыт өтті. Бұл өте қысқа уақыт. Құрметті студенттер, біз әлі үлкен жұмыстардың бастауында тұрмыз. Әлемде жүзжылдық ұйымдар бар, олар

өздерін жас ұйымбыз деп санайды.

Түркі мемлекеттері ұйымы дегенде, сіздер нені түсінудіңіз керек? Бұл ұйымның 170 млн халқы бар, 4,5 млн шаршы шақырым географиялық аймақты құрайды, оның 2 млн 700 мыңы Қазақстанға тиесілі, қалған бөлігі өзге мемлекеттердің еншісінде. Бұл мемлекеттердің 1,5 млн доллар ішкі жалпы өнімі бар, әр мемлекеттің өз аймағында 1 триллион доллар сауда-саттығы және бар. 1 трлн доллар сыртқы сауданың Түркі ұйымы мемлекеттеріне шаққанда өзара сауда-саттық 40 млрд доллар айналасында болады. Бұл өте аз көрсеткіш. Туыстас мемлекеттердің өзара сауда-саттығы

**Бинәлі
ҰЙЛАДЫРЫМ:**

Маған берілген атақты Түркияға деген сүйіспеншілік деп түсінемін

сонда 5 пайыз да болмайды. Біз осы түйінді мәселе жайында ойланғанымыз жөн. Егер бауырлас мемлекеттер сыртқы сауданы өз ішімізге бағыттағанда, өзіміз бір-бірімізге жөнелкенде көрсеткіш 500 млрд долларға жететін еді. Бұл Қазақстанның ішкі жалпы өнімінен екі есе артық нәтиже. Демек, біз өзара экономикалық қарым-қатынастарды жетілдіргенде ғана өркендейміз. Бір-бірімізді қолдап, жіті тануымыз керек. Ортақ құндылықтарымызды дамытқанымыз абзал. Біз түркіміз, әр түркі мемлекетінің өзіне тән этникалық құндылықтары бар, соларды жетілдіру ортақ міндет. Негізгі құндылығымыз – тіл. Біз бір-бірімізді аудармашысыз түсінуге тиіспіз. Осы жерде бауырлас екі ұлт отырып, аудармашының қызметіне жүгінудеміз. Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи университеті түркі тілін білетін мыңдаған мамандарды оқытып шығаруда. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың да бұған үлесі зор деген пікірдемін. Құрметті студент-

тер, түркі тілін үйреніңіздер, өзге де тілді меңгеріңіздер, біз бір-бірімізге қашанда жақын болғанымыз жөн. Түркі мемлекеттері ұйымының саммитінде осы мәселелер талқыланып, күн тәртібінен түскен емес. Біз бір-бірімізді жан-жақты қолдағанда ғана жоғары нәтижеге қол жеткіземіз.

Мемлекеттер мен халықтардың тарихында қысқа уақыт саналатын осы жылдар ішінде Қазақстан басынан үлкен өзгерістерді өткізді. Осы кезеңде бауырлас мемлекеттер ретінде біз де мәдениеттен – білімге, денсаулықтан – өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығынан – туризмге, инфрақұрылымнан – коммуникацияға дейінгі барлық салада қарым-қатынасымызды нығайтып дамыттық. Бүгінде қарым-қатынасымызды берік жалғастырып келеміз.

Бәріңіз де білесіздер, Түркия – Қазақстан қарым-қатынастарының ең маңызды бағыттарының бірі – білім беру саласы. Анадолыдағы бауырларыңыз ретінде білім саласындағы жетістіктеріңіз бізге

зор мақтаныш сезімін сыйлайды.

Құрметті бауырларым!
Қадірлі қатысушылар!

Біз Түркияда түрлі ұлт өкілдеріне елімізде жоғары білім алу мүмкіндігін ұсынамыз. Бұл мүмкіндікті пайдаланған жастардың қатарында көптеген қазақстандық бауырларымыз да бар. Осы күні Түркияда Қазақстаннан 10 мыңдай студент білім алууда. Жыл сайын Қазақстаннан Түркияға келген 300-ге жуық студентке Түркияның Шетелдегі түріктер және бауырлас қауымдастықтар басқармасы тарапынан стипендия беріледі.

Қазақстанда жоғары білім алып жатқан түркиялық жастар мен Түркияда білімін жалғастырып қазақстандық жастар екі ел арасындағы тарихи байланысымызды нығайта түсуде. Осы тұрғыда мемлекеттеріміз арасында жасалған «Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы» келісім ерекше маңызға ие. Өткен жылы күшіне енген бұл келісімнің арқасында

университеттер арасындағы ынтымақтастық артқанын білемін және бұл жағдай мені айрықша қуантады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қазақстандағы жетекші түркітану бөлімдерінің біріне ие.

Бұл бөлімнен түлеп шыққан жастар бауырластық қарым-қатынасты нығайтуда және халықтарымыздың бірлігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті құрылған күнінен бастап үздіксіз даму жолында болып, бүгінде Шығыс Еуропа мен Орталық Азиядағы 200 университеттің ішінде үздік 11-ші университет ретінде танылды. Бүгінде 25 мыңға жуық студентімен бірлескен тарихымыз, мәдениетіміз және сеніміміз саласында зерттеу жүргізетін референттік орталықтардың біріне айналды.

Түркі халықтары мен мемлекеттері ретінде жастарымызды ақыл мен білімнің шырағы ретінде тәрбиелеуге міндеттіміз.

Жастарды түркі халықтарының және мемлекеттерінің болашағының жарық жұлдызы деп білеміз. Осыған байланысты Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті сияқты беделді жоғары оқу орындарында жүргізілетін академиялық зерттеулер мен құрметті оқытушыларымыздың идеяларын ерекше бағалаймыз.

Түркі мемлекеттері ұйымы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы ретінде Түркі академиясы мен Түркі мәдениеті және мұра қорының осы бағыттағы жұмыстарын қолдай беретінімізді ерекше атап өткім келеді.

Құрметті бауырларым, қадірлі қатысушылар!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарапынан маған құрметті профессор атағы берілуі мен үшін үлкен мәртебе. Түркі халқына қызмет етудің абыройына ие болған бауырларыңыз ретінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, профессор Жансейіт Түймебаев мырзаға және университетіміздің құрметті академиялық ұжымына тағы да алғысымды білдіремін. Маған берілген бұл атақты Түркияға деген сүйіспеншіліктің көрінісі деп білемін. Ұлы ойшыл әл-Фараби бабамыз «Әуелі ақиқатты білу керек, ақиқат танылса, қателік те танылады» деген.

Біз де ақыл мен білімнің жарығында, мың жыл бұрын айтылған ғұлама сөз бен ойдың негізінде бауырларымызбен бірге ақиқат жолында жүруді және шындық үшін еңбек етуді жалғастыратынымызды ерекше атап өтемін.

Баршаңызға құрмет пен ілтипатымды білдіремін.

Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ



Қазіргі таңда Қазақстанның ірі қалалары, оның ішінде Алматы, Астана, Шымкент, Қарағанды, Өскемен және т.б. қалаларда ауа ластануы мәселесі өзекті болып отыр. Экологиялық дағдарыстың нәтижесінде ауаның сапасы айтарлықтай төмендеуде, бұл халықтың денсаулығына, табиғатқа және жалпы өмір сүру сапасына кері әсерін тигізеді. Ауа ластануын зерттеу және оның алдын алу шараларын тиімді ұйымдастыру үшін кешенді ғылыми зерттеулер қажет.

Осы түйінді мәселенің шешімін алдымен ғалымдар ұсынуы керек. Былтыр Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығына орай, «Фараби химия ғылымы» атты заманауи кластер ашылғанын білесіздер. Химия және химиялық технология факультетінде орналасқан жаңа ғылыми

мынадай нәтижелерге қол жеткізгенін мақтанышпен айта аламыз», – дейді химия ғылымының кандидаты Лейла Қадірсізқызы. – 2023 жылы Н.Байматованың жетекшілігімен екі ғылыми жоба және бір ПЦФ бағдарламасы сәтті аяқталды. Оның бірі – «Алматы қаласының атмосфералық ауа-

Needle Trap құрылғысына негізделген ауадағы ұшпа органикалық қосылыстарды анықтаудың қарапайым және дәл әдісін өзірлеу» (жетекшісі – PhD О.Ибрагимова) және «Жас ғалым» жобасы бойынша 2025-2027 «Табиғи орталардағы биогенді ұшпа органикалық қосылыстарды динамикалық сынама алу әдісімен және бейорганикалық элементтерді индуктивті-байланысқан плазмалық спекторметрия әдісімен анықтау» (жетекшісі – М.Бектасов) жобалары іске асырылуда.

Сондай-ақ профессор Лейла Күдрееваның айтуынша, зертхана ашылғалы бері А.Омарова, О.Ибрагимова және М.Тұрсынбаева философия докторы дәрежесін алуға арналған диссертацияларын (PhD) сәтті қорғаған. А.Омарова «мақалалар сериясы» форматында диссертация қорғаған алғашқы докторант болды. Қазір Аналитикалық химия және орта зертхана-сында 3 докторант, 2 магистрант және 7 бакалавр өз зерттеулерін жүргізуде. Зертханада Канада, АҚШ, Түркия, Ресей, Грекия және т.б. сияқты әлемнің түрлі елдерінен келген ғалымдар бірлесіп жұмыс істейді. Зертхананың зерттеу тобының мүшелері түрлі халықаралық гранттардың иегерлері. 2024 жылы зертхана меңгерушісі Н.Байматова АҚШ-тың Нью-Йорк штатындағы Буффало университетінде тағлымдамадан өту үшін Fulbright Program грантын жеңіп алды. Таяуда Н.Байматова «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері атанды. Зертхананың ғылыми қызметкері А.Омарова дарынды жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендиясын жеңіп алды. О.Ибрагимова мен М.Тұрсынбаева «ҚазҰУ-дың үздік жас ғалымы» жобасының иегерлері болды.

Осы тың жобалар аясында қоршаған орта объектілерін талдауға, органикалық және бейорганикалық қосылыстардың концентрациясын анықтауға мүмкіндік беретін заманауи жабдықтар сатып алынды. Осы зертхана аясында WoS және беделді халықаралық Elsevier баспасы шығаратын халықаралық рецензияланған журналдарда алты мақала жарияланды. Жаңа зертханалар тек ғылыми зерттеу жұмыстарымен шектелмей, Қазақстанның экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған нақты іс-шараларды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Болашақта бұл зертханалардың бөлімшелері басқа қалаларда да ашылып, экологиялық мониторинг жүйесі бүкіл ел бойынша тиімді жұмыс істейтін болады.

Сонымен, Қазақстан қалаларында ауа ластануын кешенді зерттеу мәселелері өте өзекті. Жаңа ашылған экологиялық зертханалар бұл мәселені шешуге бағытталған тиімді құралдар ұсынып, қала тұрғындарының денсаулығы мен табиғаттың сақталуына ықпал етеді. Тек ғылыми зерттеулер мен экологиялық мониторингті дамыту арқылы ғана біз ауаның ластану деңгейін төмендетіп, экологиялық жағдайды жақсарту аламыз.

Ауа ластануы

кешенді түрде зерттеледі



Былтыр Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығына орай, «Фараби химия ғылымы» атты заманауи кластер ашылғанын білесіздер. Химия және химиялық технология факультетінде орналасқан жаңа ғылыми объектінің құрамына тоғыз заманауи зертхана кіреді. Сол зертхананың бірі – Аналитикалық химия және қоршаған орта зертханасы. Бұл зертхананың негізгі міндеті – қоршаған ортаны ластануы заттарды талдау әдістерін өзірлеу және олардың әсерін зерттеу.



объектінің құрамына тоғыз заманауи зертхана кіреді. Сол зертхананың бірі – Аналитикалық химия және қоршаған орта зертханасы. Бұл зертхананың негізгі міндеті – қоршаған ортаны ластануы заттарды талдау әдістерін өзірлеу және олардың әсерін зерттеу. Ғалымдар жаңа әдістерді өзірлеп, олардың валидациясымен айналысады, сондай-ақ су, ауа және топырақты талдау бойынша эксперименттер жүргізеді. Алынған мәліметтер ластану көздерін анықтауға және оларды азайту стратегияларын өзірлеуге көмек береді. Зертхана мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысады және құны 105 млн теңге болатын жабдықтармен қамтылды.

«Осы заманауи зертхана ашылғаннан бері ғалымдар

сын мониторинг мақсатында органикалық ластануы заттардың орташа өлшенген концентрациясын анықтау әдісін дамыту», ал екіншісі – «Алматыда ауаның ластануын кешенді бағалау: оның көзін анықтау, кеңістіктік-уақыттық талдау» және заманауи аналитикалық әдістер мен модельдеу құралдарын пайдалана отырып, «Астана және Алматы қалаларында ауа сапасын жақсарту жөніндегі зерттеу бағдарламасын өзірлеу» жобасы».


Қазір осы зертханада гранттық қаржыландырудың бірнеше жобасы іске асырылуда. Атап айтар болсақ, «Қазақстан қалаларында ауа ластануын кешенді зерттеу: шығарындыны түгендеу, көздерінің таралуы және әлеуметтік-экономикалық салдары» (жетекшісі – доцент Н.Байматова),

миялық технология факультеті деканының орынбасары Лейла Күдреева.

Демек, осы Алматыда ауаның ластануын азайту үшін жаңа технологиялар мен экологиялық таза шешімдер қажет. Сондай-ақ қоршаған ортаға зияны аз қоғамдық көлікті дамытып, жұртшылыққа экологиялық білім беруге тиіспіз.

Осы орайда, Қазақстанда жаңа ашылған экологиялық зертханалар ауа ластануын ғылыми тұрғыдан зерттеу, оны болжау және шаралар ұсыну бағытында маңызды рөл атқарады. Қазақстан қалаларының ішінен Алматыны алсақ, бұл қала ауасының ластану жағдайы – маңызды экологиялық мәселе. Себебі қалада тұрғындар саны өте көп және мегаполис қарқынды дамуымен ерекшеленеді. Қаланың ауасы бірнеше факторлардың әсерінен ластануда. Бірінші – көлік ластануы: Алматы қаласында автомобильдер легі өте көп. Көліктерден шығатын көміртегі оксиді, азот оксиді, көмірқышқыл газы мен түтін ауа сапасын нашарлатады. Көлік қозғалысының тығыздығы, әсіресе, жазғы маусымда, қала орталығында ауа сапасының нашарлауына алып келеді. Екіншіден, Алматыда құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Ол да шаң мен газдың ауаға таралуына ықпал етеді. Үшіншіден, қаланың көгалдандырылуы мен жасыл желектің аздығы да бұл мәселені ұшықтырады. Құрылыс материалдарының бөлшектері, көгалдандырудың жеткіліксіздігі ауаның ластануын арттырады.

«Қысқа қарай Алматыда жылыту маусымы басталғанда көмір жағатын қазандықтар мен жылу станциялары ауаға зиянды шығарынды жібереді. Қысқы маусымда жылу энергиясын өндіру кезінде ауаға бөлінетін көміртегі мен басқа да зиянды газдар ауаның ластануын арттырады. Алматының кейбір аудандарында тұрмыстық қоқыс дұрыс жиналмайды немесе дұрыс өңделмейді, бұл да ауаның ластануына қосымша әсер етеді. Қоқысты қайта өңдеу жүйесінің жетіспеушілігі мен дұрыс тазаланбаған аумақтар ауаның сапасын нашарлатады. Алматы – таулы аймақта орналасқан қала және оның ауа айналымы жергілікті табиғи факторларға байланысты күрделі болуы мүмкін. Тау арасындағы ауа алмасуы өлсіз болғандықтан, ластану деңгейі жоғары болуы ықтимал», – дейді химия және хи-



Құдіретті поэзия және Қадыр ақын

Поэзияның табиғатына тән нәрсе – шынайылықты түсіндіруде ешқандай кедергіні елемейі. Жасандылықты адам болмысы бірден қабылдауы да қиын. Сол табиғи шынайылыққа деген құмарлықты, тазалықты сіңіруде шығармашылық иелері қалыптасқан түсініктерден тыс көзқараспен әлемді жаңа қырынан суреттеуге бейім тұрады. Себебі поэзия – болмыстың маңызды негіздерінің бірі.



*Кетірем деп жұққан кірді
жаныма,
Жүйкемді де,
Ғұмырды да жұқарттым!*

Қарапайым өлеңнің сізді бірден тартып кетпейтін, бірақ санаңызда қалып қоятын сызы бар. Сезіммен емес, ақылмен ойылған ой мен мазмұн бар.

*Ашу кернеп,
Арна-сайға сыймаймын.
Ақырында
Бәрін мұң ғып – көзіме,
Мысқыл қылып –
миығыма жинаймын!*

– деген ақын болмысын түсінгендей боласың.

Өлеңдеріндегі көркемдік шындық – өмір мен өнердің шынайы үйлесімі, адам мен қоғам арасындағы байланыстардан тұрады. «Өмір шіркін алтын ине мен жібек жіп, қойған соған сабақтап» деген сияқты ұғымдарынан философия мен поэзияның бірлігін көреміз. Екеуі де таңданудан, күйзелістен басталып, бір арнада шындықты екі есеге арттырып, өзгертті десек те болады. Оқырмандарын өздеріне белгісіз болып келген ой-сезімдерін саналы түрде сезінуге итермелейді. Адамның уақытқа, заман ығына бейімделу әрекеттеріндегі жасандылықтарына жаны шыдамайды:

*Алтынды алтын,
Мысыңды мысың деймін.
Итіңді ит,
Кісіңді кісің деймін,*

– дей отырып, әлеуметтік өмірдің сәйкессіздіктері мен ұсқынсыз құбылыстарының жалпыланған бейнесінен таңырқап мән іздейді.

Ұлттық құндылықтармен терең сусындаған, айналып келгенде, халқының қаймағы бұзылмай, өзіне

тән болмысын сақтап қалуын қалайды. Сондықтан да ақын халықтың ұлттық символына айналған бейне – Аяз бидің образын үлгі етеді. Аяздың даналығын, достыққа адалдығын, сөзге беріктігін, қайырымдылығын, әділдігін ұлт болмысынан таниды. Сол құндылықтан айырылып қалмауын тілейді.

*Сен, Аяз би,
жемісі даналықтың,
Ойлап тапқан өзіңді
Дала мықты.
Кемеңгерлік бейнесін
қайдан алмақ
Өзі сондай болмаса
со халықтың?!*

Ол – қарапайым, парасатты, адал, шыншыл, көреген, тапқыр, кішіпейіл, ізетті, көпшіл, қайырымды, қанағатшыл. Аяз би бейнесі ақынның ішкі қалауы, өзінің тұлғалық бейнесін қалыптастырған десек те болады. Философиялық пайымдық тұрғыдан алып қарасақ, бұл үлкен мәселенің шешімі болып табыла алады. Жалпы, ақындық арна әрқашан да елге және адамзатқа, билікке, досқа, сүйіктіге, тағы да басқа өмірдің бар сұрағын тақырыпқа айналдырады. Шындығында да, поэзияға лайықты нәрсе жоқ емес, тіпті қалған болса, ол поэзияға лайық емес.

Қорыта келгенде айтарымыз, тіршіліктегі кез келген материяның психикалық табиғаты бар және адам деңгейінде сана ретінде көрінетін белгілі бір ішкі энергияға толы. Құдіретті поэзияның да феномендік мазмұнында адамдық қасиеттер жатқанын ұмытпайық.

Сәуле ЕРЖАНОВА,
филология
ғылымының докторы,
профессор

Қазір Қазақстанда энергетика саласы жақсы дамып келеді. Соның ішінде әлемде жоғары сұранысқа ие – атом энергетикасы. Атом энергетикасы елді ұзақ онжылдықтар бойы тұрақты, экологиялық таза және қолжетімді энергиямен қамтамасыз етуге қабілетті перспективалы шешімдердің бірі бола алады. Атом энергетикасының негізі – атом электр станциясы. АЭС басқа электр станцияларынан бірқатар маңызды артықшылықтарға ие.

Қоғамның орнықты дамуы мен ӘЛ-АУҚАТЫНА ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР



АЭС ауа райына қарамастан, электр энергиясын үздіксіз беруді қамтамасыз етеді. Атом электр станциялары парниктік газдарды іс жүзінде шығармайды. Бұл оларды климаттың өзгеруіне қарсы күресте маңызды құрал етеді. Бүкіл әлем бойынша атом электр станцияларының ондаған жылдар бойы жұмыс істеуі 60 миллиард тоннадан астам көмірқышқыл газының шығарындыларын болдырмауға көмектесті. Электр энергиясын өндіруде көмір мен газға қарағанда отын аз мөлшерде пайдаланылады. Бұл атом энергиясын экономикалық және экологиялық тұрғыдан негізделген таңдау ретінде ерекшелендіреді.

Экономикалық тұрғыдан қарағанда Қазақстанда АЭС құрылысы кезеңінде 8 мыңға жуық жұмыс орны және пайдалану кезеңінде 2 мың жұмыс орны ашылады. АЭС-тің әрбір қызметкері сабақтас салаларда қосымша 10 жұмыс орнын құруды ынталандырады. Нәтижесінде атом станциялары салынатын аймақтар даму үшін жаңа серпін алады.

Қазіргі таңда Қазақстан әлемдегі ең ірі уран қорларына ие. Бұл еліміздің отын импортына тәуелді болмауына мүмкіндік береді. АЭС құрылысы энергетикалық тәуелсіздік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, көрші елдерден электр энергиясын сатып алу қажеттілігін азайтады. Қазіргі заманғы үшінші буын реакторларында ерекше белсенді және пассивті қауіпсіздік жүйелері бар. Олар жер сілкінісі мен су тасқыны сияқты табиғи апаттардан, сондай-ақ қабатты қорғаныс қабықтарының арқасында ішкі апаттардан қорғалған. Сонымен қатар атом энергетикасында отынды қайта өңдеу технологиялары енгізілуде. Бұл қалдықтардың 90 пайызға жуығын қайта пайда-

лануға мүмкіндік береді, радиоактивті қалдықтардың көлемін азайтады.

Атом электр станциясын салу жобасы Қазақстан үшін маңызды стратегиялық жоба. АЭС құрылысы атом энергетикасы және ядролық физика саласындағы мамандарды даярлау үшін ынталандыру болады. Қазақстанда ядролық энергетикамен байланысты білім беру бағдарламалары мен ғылыми жобалар жұмыс істейді. Атом саласының дамуы ғылыми жаңалықтар мен инновацияларға жаңа мүмкіндіктер бере отырып, оған жас ғалымдар мен студенттерді тартады.

Атом энергетикасы – бұл электр энергиясының сенімді көзі ғана емес, сонымен қатар Қазақстан үшін орнықты даму саласында көшбасшы болу мүмкіндігі. Экологиялық тазалық, экономикалық пайда, энергетикалық тәуелсіздік және жұмыс орындарын құру – осының бәрі атом электр станцияларын салуды елдің болашағы үшін маңызды қадамға айналдырады. Бұл жоба Қазақстанға ағымдағы энергетикалық проблемаларды шешуге және алдағы онжылдықтарда орнықты даму үшін берік негіз құруға мүмкіндік беретін прогрестің қозғаушы күші бола алады.

Қазақстан үшін атом энергетикасы – елдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайту және халықаралық деңгейдегі мәртебесін арттыру үшін маңызды қадам.

Айкен НҮРПЕЙІСОВ,
«Ядролық физика»
мамандығының 1-курс
докторанты

Мәулен НАСУРЛЛА,
Ядролық физика институты
Төмен энергиялы ядролық
реакциялар зертханасының
меңгерушісі, PhD

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Экономика және бизнес жоғары мектебі – Қазақстандағы экономикалық және басқарушылық білім беру саласындағы жетекші ғылыми-білім беру орталықтарының бірі. Бұл факультет жылдар бойы ұлттық және халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті экономистер мен басқару саласының мамандарын даярлап келеді. Оның түлектері Қазақстанның мемлекеттік басқару, бизнес және ғылыми-зерттеу секторларында жоғары лауазымдарға ие болып, ел экономикасының дамуына елеулі үлес қосуда. Осындай көрнекті түлектердің бірі – экономика ғылымының докторы, профессор Сұлтан Нысанбаев.

Экономика

Ғылымының дамуына

зор үлес қосқан қайраткер

Сұлтан Нысанбаев – Қазақстанның жоғары білім беру және экономика ғылымының дамуына үлкен үлес қосқан көрнекті ғалым, педагог және ұйымдастырушы. Ол өзінің бүкіл өмірін ғылым мен білімге арнап, ел игілігі үшін қызмет етуге жұмсады.

Сұлтан Нысанбаевтың есімі Қазақстан экономика ғылымында ерекше орын алады. Ол ҚазҰУ-дың экономикалық факультетінде ұзақ уақыт қызмет етіп, Микро- және макроэкономика, Маркетинг және коммерция кафедраларын басқарды.

Ғалымның негізгі ғылыми зерттеу бағыты – экономика категорияларын, баға белгілеу механизмдерін, ғылыми-техникалық прогресті ынталандыру және өндіріс тиімділігін арттыру мәселелерін қамтиды. Ол экономика және маркетинг саласында 70-тен астам ғылыми еңбек жариялап, бірнеше оқулық пен әдістемелік құралдар жазды. Әсіресе қазақ тіліндегі экономикалық әдебиеттердің дамуына қосқан үлесі ерекше.

С.Нысанбаев ҚазҰУ-дың Маркетинг кафедрасының негізін қалаушысы ретінде танылып, оның қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты. Ғалым маркетинг және стратегиялық менеджмент саласында маңызды ғылыми зерттеулер жүргізіп, еліміздің экономикалық білім беру жүйесін жетілдіруге айтарлықтай ықпал етті. Оның бастамасымен маркетинг саласындағы оқу бағдарламалары жаңартылып, халықаралық стандарттарға сәйкестендірілді, бұл Қазақстанда бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға жол ашты.

Профессор алты рет маркетинг мамандарды тәрбиелеп шығарды, олардың арасында бүгінде ірі компанияларды басқарып отырған кәсіпкерлер мен экономистер бар. Сондай-ақ оның жетекшілігімен маркетинг, баға белгілеу және коммерциялық кәсіпкерлік бойынша оқулықтар жарық көрді, олар қазіргі таңда Қазақстан ЖОО-ларында кеңінен қолданылады.

Сұлтан Нысанбайұлы тек ғалым ғана емес, сонымен қатар жоғары білім беру саласында ұйымдастырушылық қабілеті жоғары тұлға ретінде танылды. Ол көптеген оқу бағдарламалары мен мемлекеттік білім беру стандарттарын әзірлеуге атсалысып, экономика мамандықтары бойынша оқу жоспарларын жасауға белсенді түрде қатысты. Ғалымның ғылыми және ұйымдастырушылық қызметі тек Қазақ-



станмен шектеліп қалған жоқ. Ол Мәскеу, Киев, Ташкент, Санкт-Петербург секілді ғылыми орталықтармен тығыз байланыста болып, шетелдік ғылыми конференцияларға белсенді түрде қатысты. Оның зерттеулері халықаралық деңгейде жоғары бағаланып, экономикалық ғылымдағы өзекті мәселелерді шешуіне өз үлесін қосты.

Көптеген студенттер мен жас ғалымдар Сұлтан Нысанбаевты өздерінің ұстазы әрі тәлімгері ретінде құрметтейді. Ол тек кәсіби білімімен ғана емес, сонымен қатар адами қасиеттері, әділдігі және қамқорлығымен ерекшеленді. Сұлтан Нысанбайұлының аялы алақанының жылуын кафедра ұстаздары ғана емес, олардың отбасы мен балалары да көрді. Әр баланың атын біліп, қызығушылығымен танысып, болашағына кеңесін беріп отыратын. Оның тәрбиесін көрген шәкірттері бүгінде Қазақстан экономикасының түрлі салаларында табысты қызмет етуде. Ел экономикасының сан қилы саласында жетекшілік қызмет атқаруда, ҚР жоғары оқу орындарында дәріс беруде.

Сұлтан Нысанбаев – Қазақстанның экономика ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосқан ғалым, педагог және қоғам қайраткері. Оның еңбектері, ғылыми зерттеулері мен тәлімгерлік қызметі ел болашағына қызмет ететін жас мамандарға үлгі болып қала береді. Ол өмірінің әрбір сәтін ғылым мен білімге арнаған шынайы ұстаз, қайраткер тұлға.

Гүлмира ЕСЕНГЕЛДИЕВА,
Экономика кафедрасының
аға оқытушысы

Васеда университетіндегі

ТАҒЫЛЫМДАМА

ҚазҰУ әлемнің жетекші университеттерімен ынтымақтаса жұмыс істейді. Соның ішінде Жапонияның білім беру мекемелері аясында білім және мәдени тәжірибе алмасуға бірегей мүмкіндіктер береді.

Мен шығыстану факультетінің 4-курс студентімін. 2024 жылдың қыркүйегінен бастап Токио қаласында орналасқан Васеда университетінде бір жылдық академиялық тағылымдамадан өтіп жатырмын. Васеда университеті мен ҚазҰУ арасында білім-ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылған. Мен гуманитарлық факультетте «Денсаулық және әлеуметтік ғылымдар» мамандығы бойынша бір жыл оқимын. Университетте адам денсаулығы мен әлауқаты мәселелерін, оның ішінде әлеуметтік қамқорлық пен қолдауды, әлеуметтік денсаулықты қамтамасыз етуді зерттейміз.

Мен адам ресурстарын дамытуға арналған әлемнің түкпір-түкпірінен студенттерді біріктіретін Heiwa Nakajima жеке стипендиясының иегерімін. Бұл стипендия жапон университеттерінде оқуға бірегей мүмкіндік береді әрі қаржылай қолдау көрсетіп, жаңа білім мен халықаралық тәжірибеге есік ашады.

Васеда университеті – жоғары академиялық стандарттары, инновациялық зерттеулері және халықаралық ықпалы арқасында танымал, Жапониядағы ең беделді және көрнекті оқу орындарының бірі. 1882 жылы негізі қаланған, дәстүрге толы тарихы, дарынды шәкірттері мен көрнекті ұстаздары бар жетекші оқу орны. Университет білімді іс жүзінде қолдануға және қоғамның болашағына ықпал ете алатын мамандарды даярлайтынымен танымал. Васеданың көрнекті түлектерінің қатарында Жапонияның тоғыз премьер-министрі, жазушы Харуки Мураками және Sony негізін қалаушы Масару Ибука бар.

Жапония бойынша университеттің тоғыз кампусы бар, мен олардың бірінде, Сайтама префектурасының Токорозава қаласында оқимын. Кампус гуманитарлық факультет пен спорт ғылымдары факультетін біріктіреді. Ол жасыл желекпен қоршалған көркем таулы биіктікте орналасқан және ғимараттар арасындағы қозғалысты барынша ыңғайлы ететін инфрақұрылымға ие. Мен үнемі мол ағашпен қор-



шалған аллеямен серуендеймін, таза ауадан жаным рахаттанады, бұл маған оқуға зейін қоюға және табиғатпен үйлесімді болуға көмек береді.

Университетте оқыудың негізгі тілі жапон тілі болғанымен, Васеда ағылшын тілінде де курстар ұсынады, студенттер өз пәндерін еркін таңдай алады. Бұған қоса, қытай, француз немесе испан тілдері сияқты жаңа тілдерді үйренуге болатын пәндер бар.

Жапон университеттерінің білім беру жүйесінің қызықты ерекшеліктерінің бірі – «земи» сияқты құбылыстың болуы. Бұл студенттердің шағын топтары, профессордың жетекшілігімен белгілі бір тақырыпты тереңдетіп оқумен айналысады. Қарапайым тілмен айтқанда, земиді семинар сабақтарымен немесе оқу топтарымен салыстыруға болады, бірақ Жапонияда бұл процесс көбіне ресми және қарқынды. Үшінші курстан бастап студенттер ғылыми зерттеулерге дайындала бастайды, дипломдық жұмыстарды жаза бастайды, ғылыми жетекшіні таңдап, «земиге» кіреді. Осы семинарлар аясында студенттер жиі далалық зерттеулер жүргізіп, мектептер мен ұйымдардағы түрлі іс-шараларға қатысады. Осылайша Жапониядағы студенттік өмір тек оқумен шектелмейді: оқу тәжірибесін одан да бай және құнды ететін көптеген сыныптан тыс іс-шаралар бар.

Мен профессор Атсуши Огихараның «земи» мүшесімін, оның ғылыми қызығушылығы – қоғамдық денсаулық саласы. Менің зерттеу тақырыбым медицина мен білім беруде жасанды интеллекті пайдалану туралы және Васеда университетінде осы тақырыпқа қатысты ақпаратқа еркін қол жеткізе аламын. Менің зерттеуіммен тығыз байланысты көптеген тақырыптар да бар.

Жапонияда жүргеніме бес айдан асты, мен осы

алып мегаполисте өмір ырғағына толықтай үйрендім. Токио халқы мейірімді және достыққа бейіл, әрқашан көмектесуге дайын. Қала мәдени мұра мен озық технологиялар сәтті үйлесетін дамыған инфрақұрылымымен танымал. Коронавирус пандемиясынан кейін Жапония өз шекараларын қайта ашты, ал қазір Токио бүкіл әлем жұртшылығының ортақ үйі, бұл қаланы одан да қызықты етеді.

Университеттегі Жапон тілі орталығында шетелдіктерге арналған жапон тілі курстарына қатысуға мүмкіндігім бар. Менің сыныбымда түрлі ұлт өкілдері: америкалықтар, испандар, қытайлар және басқа ұл өкілдері жетерлік. Университет мәдениетаралық алмасуды белсенді түрде дамытады және әрбір кампуса шетелдіктер мен жапондықтар өзара қарым-қатынас жасай алатын орталықтар бар. Мысалы, мен өткен айда кәсіби кондитер аспазының жапондық вагаша тәттілерін жасауды үйреткен тегін шеберлік сабағына қатысуға мүмкіндік алдым.

Сонымен қатар университетте әдебиетке бай бірнеше кітапхана бар, онда студенттер еркін білім алып, ізденуге уақыт бөледі. Бұл біліміңді тереңдету және оқу үдерісінен ләззат алудың тамаша мүмкіндігі.

Қорытындылай келе, тағылымдаманың бір бөлігі ретінде шетелде оқу мүмкіндігі үлкен мәртебе әрі құнды тәжірибе дегім келеді. Бұл тәжірибе менің білімімді тереңдетіп, кәсіби дағдыларды дамытуға көмектесіп қана қоймай, жеке және кәсіби өсуіме ықпал ететін жаңа мәдени ортаға енуге жол ашады. Васеда университетінде тағылымдамадан өту менің өмірімдегі маңызды кезең және мен осы уақытты тиімді пайдалануға бел байладым.

Әзиза ҚАБЫШ,
Қиыр Шығыс кафедрасының
4-курс студенті

Қайраткер тұлғаның музей-үйімен танысты

«Қолданбалы математика» мамандығының 1-курс студенттері Математикалық және компьютерлік пішіндеу кафедрасының ұйымдастыруымен Дінмұхамед Қонаевтың музей-үйі мен мемориалдық музей-апартаментіне барды.



Іс-шара тұрақты даму мақсаттары жобасы аясында «Сапалы білім беру» бағыты (ТДМ-4) бойынша ұйымдастырылып, студенттердің мемлекет қайраткерлерінің өмір жолы, елімізге сіңірген еңбегі мен ғылыми қызметі туралы білім көкжиегін кеңейтуге арналды. Дінмұхамед Ахметұлының басшылық қызметін айтпағанда, ол – қайраткер тұлға, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымының докторы, Қазақстанның ғылымы мен өнеркәсібінің дамуына үлкен үлес қосқан дара тұлға. Экскурсия барысында студенттер Д.Қонаевтың өмір тарихымен жақынырақ танысып, оның жеке және кәсіби жетістіктері туралы көбірек білді. Сондай-ақ Қазақстанның дамуына қосқан еңбегімен танысты. Музейде студенттер Дінмұхамед Ахметұлының ел үшін жасаған еңбегінің маңызын бағалауға әсер ететін бірегей экспонаттар, яғни жеке заттары мен құжаттарын көрді.

Бұл іс-шара студенттердің Қазақ елінің қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосқан қайраткер тұлғаның кесек бейнесін тереңірек танып-білуіне ықпал етті. Бұған қоса, тәрбиелік және білім беру жұмысының маңызды бөлігі болды. Д.Қонаевтың музей-үйіне бару студенттерге елдің мәдени және тарихи мұрасын жақсырақ түсінуге мүмкіндік берді. Бұл олардың жеке дамуы мен азаматтық ұстанымын қалыптастыру үшін өте маңызды.

Мағиға ҚҰЛБАЙ,
МКМ кафедрасының
куратор-эдвайзері

Білім беру, ғылым және өндірісті біріктіру жүйесі – барлық саланың инновациялық дамуының негізі. Бұл бірлік инновациялық ғылыми-техникалық прогресті жылдамдастырып қана қоймай, ғылыми потенциалды ұтымды қолдануға жол ашады. Ғылым мен техниканың жетістіктері негізінде кәсіпорындар экономиканың негізін құрап тұр. Сондықтан да университет білім, ғылым және өндіріс салаларын біріктіретін орталық буын.


Білім-ғылым және өндіріс бірлігі



Осыған орай, химия және химиялық технология факультетінің Физикалық химия, катализ және мұнай-химия кафедрасында «Білім, ғылым және өндірістің интеграциялық өзара әрекеттесуі – тұрақты даму жағдайында заманауи қоғам прогресінің факторы» атты халықаралық қысқы мектеп өтті. Бұл іс-шарада білім-ғылым және өндірістің бірлігі арқылы қазіргі заманның талабына жауап беретін, тұрақты даму үлгісін қалыптастыру мүмкіндігі талқыланды. Білім және өндіріс бірлігінің жемісі ретінде LUKOIL Lubricants Central Asia компаниясының «Перспектива» атты көшбасшы бағдарламасының арқасында кафедраның білім алушылары кәсіби дағдыларын кәсіпорындарда қалыптастыруда. Бұл

болашақ мамандарға кәсіпорынға инновацияларды белсенді енгізуге, нақты өндірістік мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы нарық талаптарына бейімдейді, ал бұл үрдіс өз кезегінде қоғамның тұрақты дамуының негізін қалайды.

Назым СМАҒҰЛОВА,
Физикалық химия,
катализ және мұнайхимия
кафедрасының доценті



Адам өзі үшін ең қажетті және өзі үшін міндетті етуі тиіс білім – нақты білім.

«Қазақ аналары – дәстүрге жол» өкілдерімен кездесу



Өзім бас болып Қытайтану кафедрасында «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің өкілдерімен «Үлкенге құрмет – кішіге ізет» тақырыбында кездесу өткіздік. Бұл кездесу тұрақты даму мақсаттарының 5 – гендерлік теңдік, 10 – теңсіздікті қысқарту және 17 – тұрақты даму үшін серіктестік деген бағыттарының талаптарына сәйкес келеді.

Кездесуде «Қазақ аналары – дәстүрге жол» бірлестігінің Алматы және Алматы облысы филиалдарының төрайымы, филолог, қоғам қайраткері, «Алтын алқа» иегері Л.Дәулет, Республикалық білім жетілдіру институтында көп жылдар бойы аға ғылыми қызметкер болған ұлағатты ұстаз, белгілі педагог-әдіскер С.Мұқанова, оқу ісінің үздігі, ұлағатты ұстаз, белгілі қоғам және мәдениет майталманы Б.Керейқұлова, «Қазақ аналары – дәстүрге жол» бірлестігінің Бостандық ауданы филиалының төрайымы К.Сәтімбекова аналарымыз отбасындағы жылы қарым-қатынас, әріптестер мен студенттер арасындағы сыйластық тақырыптарында әңгіме өрбітті.

Кездесу барысында Қытайтану кафедрасы мен Түріктану және Шығыс елдері тарихы, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедраларының мұғалімдері мен бакалавр, магистрант, докторанттары кездесу қонақтарының өнегелі әңгімелеріне тәнті болып, өздерінің ұлттық тәрбие жайындағы көкейкесті ойларын ортаға салды. Көпшілік ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, ұмыт қалған салт-дәстүрлерімізді жаңғыртатын, халқымыздың ертеден келе

жатқан дәстүрлерін жас ұрпаққа дәріптеудің маңызын ерекше атап көрсетті. Құрылғанына үш жыл болған, «Ұлттық құндылық – ұлт қазынасы» деген ұранды ту еткен «Қазақ аналары – дәстүрге жол» бірлестігінің алдына қойған мақсаты – қазақ халқының ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрін жаңғыртып, ұлт құндылығын ұлықтау, жас ұрпаққа насихаттау. Бұл ұйымның алдына қойған миссиясы – қазақ халқының «Руыңды тәрбиелегің келсе – ұлыңды тәрбиеле, ұлтыңды тәрбиелегің келсе – қызыңды тәрбиеле», «Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен өлемді тербетеді» деген даналық философиядан бастау алады. Кездесуге қатысушы көпшілік халқымыздың баянды және кемел болашағын қамдауда, ұлттымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрін жаңғыртудағы әйел-ана рөлінің ерекше маңызын атап айтты. Кездесуге келген аналарға шығыстану факультетінің басшылығы атынан алғыс хат және факультеттің 30 жыл бұрын тамамдаған түлектері атынан ескерткіш сыйлықтар табыс етілді.

Фатима ДӘУЛЕТ,
Қытайтану кафедрасының
қауымдастырылған профессоры

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар
департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН,
Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай:
kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.